

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 20 наурыздағы № 79 қаулысы. Атырау облысының Әдiлет департаментiнде 2015 жылғы 13 сәуiрде № 3162 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 8 мамырдағы № 111 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық әкiмдiгiнiң 08.05.2015 № 111 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгiзiледi).

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 74-бабына, "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекiтiлген мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес, аудан әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары бекiтiлсiн.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмiнiң орынбасары Б. Әжiғалиевке жүктелсiн.

3. Осы қаулы әдiлет органдарында мемлекеттiк тiркелген күннен бастап күшiне енедi және ол алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

М. Мұқанов

Қызылқоға ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы
20 наурыздағы № 79 қаулысымен
бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

1. Осы аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі–Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың теңгерімінде тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу осы Қағиданың қосымшасына сәйкес тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$Aп = Рбс \times S \times Kт \times Kк \times Kск \times Kр \times Kвд \times Kопф$, мұнда:

$Aп$ -жылына аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың теңгерімінде тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Рбс$ - 1 шаршы метрге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі, жылына теңге;

S – жалға алынатын алаң, шаршы метр;

$Kт$ - құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент;

$Kк$ - тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

$Kск$ - қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

$Kр$ - аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

$Kвд$ - жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

$Kопф$ -жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтар мен автокөлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$Aп = C \times Nam/100 \times Kп$ мұнда:

$Aп$ -жылына жабдықтар мен көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын мүліктің жалдау ақысының мөлшерлемесі;

C - бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды көлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

Nam – Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

Кп - төмендету коэффициенті (жабдықтар мен көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын мүліктің алпыс пайыздан аса тозу кезінде - 0,8 мөлшерінде, сауда-сатып алу (делдалдық) қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,5 мөлшерінде) қолданылады.

4. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін, сондай-ақ жабдықты, автокөлік құралдарын және басқа да тұтынылмайтын заттарды сағат бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысын есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$Aч = Aп / 12 / Д / 24$, мұнда:

Aч—аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының сағатына мөлшерлемесі;

Aп—аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалдау ақысының жылына мөлшерлемесі;

Д—объектілерді мүліктік жалдауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларына қосымша

Тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі, қолайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін коэффициенттердің қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен мөлшерлері

№	Базалық мөлшерлемесі	
	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Базалық мөлшерлеменің мөлшері
	Қызылқоға ауданы	Тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш
№	Коэффициенттер түрі	Коэффициент мөлшері
	Құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент (Кт):	
	1.1 кеңселік	1,0
1	1.2 өндірістік	0,8

	1.3 койма, гараж, қазандық	0,6
	1.4 спорттық имараттар (стадиондар, спорттық залдар)	0,7
	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент (Кк):	
	2.1 жеке тұрған құрылыс	1,0
2	2.2 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі	0,9
	2.3 астыңғы (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4 жертөле бөлігі	0,6
	Қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент (Кск):	
3	3.1 барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (электр энергиясы, кәріз, сумен жабдықтау, жылыту) коммуникациялардың қандай да бір түрлері жоқ болса, әрбір түрге 0,1-ге азаяды	1,0
	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент (Кр):	
4	4.1 аудан орталығы үшін	1,0
	4.2 ауылдық елді мекендер үшін	0,5
	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	5.1 халыққа қызмет көрсетуге арналған банкттердің, "Казпошта" акционерлік қоғамның есеп айырысу-кассалық орталықтары үшін (қол жетімділігі шектеулі коммуналдық заңды тұлғалардың ғимараттарында 0,5-ке төмендету коэффициенті қолданылады),	2,0
	5.2 брокерлік қызметті жүзеге асыру және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшін	3,0
	5.3 оқу орындарының жатақханаларында сауда қызметтерін ұйымдастыру үшін	1,9
5	5.4 қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру үшін	1,5
	5.5 мынадай салаларда қызметтерді ұйымдастыру үшін:	
	5.5.1 орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	0,9
	5.5.2 мектепке дейінгі білім беру	0,8
	5.6 денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында қызметтерді ұйымдастыру үшін	1,0
	5.7 өткізу жүйесі бар (қол жетімділігі шектеулі) коммуналдық заңды тұлғалардың ғимараттарында қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру, тұрмыстық қызметтерді көрсету, сондай-ақ оқу орындарындағы асхана, буфеттер мен жатақханалар үшін	0,5
	5.8 қызмет түрлері үшін, 5.1-5.7-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлерін қоспағанда	1,9
	Жалдаушының ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Копф):	
	6.1 сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін	0,9
6	6.2 акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайыздары немесе акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі және табысының кемінде 90 пайызын бюджеттік бағдарламаларды орындаудан алатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) үшін	0,8
	6.3 қайырымдылық және қоғамдық бірлестіктер, бейкоммерциялық ұйымдар үшін	0,5

6.4 қалғандары үшін	1,0
---------------------	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК